



ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ  
АКАДЕМИЯСЫНЫҢ  
ЖАРШЫСЫ

2021

№1(19) 12+

ISSN 2518–7252



**«ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ  
АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ЖАРШЫСЫ»  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ**

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
«ВЕСТНИК АКАДЕМИИ  
ПРАВООХРАНИТЕЛЬНЫХ ОРГАНОВ»**

**SCIENTIFIC JOURNAL  
«THE BULLETIN OF ACADEMY  
OF LAW ENFORCEMENT AGENCIES»**

**№1 (19) 2021**

**Нұр-Сұлтан 2021**

**«ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ЖАРШЫСЫ»  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ  
2021 № 1 (19)**

**Құрылтайшы:**

«Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы  
Құқық қорғау органдары академиясы» ММ

2016 жылдан бастап шығады  
Тоқсан сайын шығарылады

Жарияланымдар тілі – қазақ, орыс, ағылшын

Ғылыми қызметтің нәтижелерін жариялау үшін  
ұсынылатын басылымдар тізбесіне енгізілген  
(17.04.2019ж. ҚР БҒМ БСБК № 396 бұйрығы),  
«Ресейлік ғылыми дәйексөз индексі» (РФДИ) Ресейлік  
библиографиялық мәліметтер базасына,  
Қазақстандық дәйексөз қорына (ҚазДҚ) енгізілген.

Журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің  
Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде тіркелген.  
№ 16600–ЖБ тіркеу куәлігі 2017 жылдың 1 шілдесінде берілген.

**Редакциялық кеңестің құрамы:**

**Е.С. Мерзодинов** – з.ғ.к. (Қазақстан) – Төрағасы;  
**Е.Б. Абдрасулов** – з.ғ.д., профессор (Қазақстан);  
**С.В. Аракелян** – з.ғ.д., профессор (Армения);  
**И.Ш. Борчашвили** – з.ғ.д., профессор (Қазақстан);  
**М.М. Бринчук** – з.ғ.д., профессор (Ресей);  
**В.А. Бублик** – з.ғ.д., профессор (Ресей);  
**Г.А. Василевич** – з.ғ.д., профессор (Беларусь);  
**Т.Е. Қаудыров** – з.ғ.д., профессор (Қазақстан);  
**Г.В. Ким** – з.ғ.к. (Қазақстан);  
**В.П. Кирица** – құқық докторы, доцент (Молдова);  
**Қ.С. Лақбаев** – з.ғ.д., профессор (Қазақстан);  
**В.А. Малиновский** – з.ғ.д., доцент (Қазақстан);  
**В.В. Марчук** – з.ғ.к. (Беларусь);  
**Р.Т. Нұртаев** – з.ғ.д., профессор (Қазақстан);  
**В.Г. Татарян** – з.ғ.д., профессор (Ресей);  
**С.Т. Тыныбеков** – з.ғ.д., профессор (Қазақстан);  
**А. Трунк** – құқық докторы, профессор (Германия);  
**Т.А. Ханов** – з.ғ.д., профессор (Қазақстан);  
**В.М. Хомич** – з.ғ.д., профессор (Беларусь).

**Редакциялық алқаның құрамы:**

**А.Ж. Сыздықов** – философия докторы (PhD),  
қауымдастырылған профессор – **Бас редактор**;  
**Ә.М. Әлібекова** – з.ғ.к.;  
**Е.Н. Бегалиев** – Қырғыз Республикасының з.ғ.д.,  
профессор;  
**С.Ж. Бекішева** – з.ғ.д., доцент;  
**Ұ.Қ. Жанатаева** – саяси ғ.д.;  
**С.М. Иманбаев** – з.ғ.к., профессор;  
**Н.Қ. Иманғалиев** – з.ғ.к., қауымдастырылған  
профессор;  
**Р.Ш. Қарымсақов** – з.ғ.к., доцент;  
**Е.С. Кемали** – з.ғ.к., қауымдастырылған профессор;  
**Д.Х. Найманова**;  
**Р.Р. Нұғманов** – з.ғ.к.;  
**Б.Ғ. Нұрмағамбетов** – саяси ғ.к., доцент;

**Р.К. Оңғарова** – құқық магистрі;

**Н.Б. Рахимов** – құқық магистрі;

**Ж.С. Сейтаева** – з.ғ.к., қауымдастырылған профессор;

**Қ.Қ. Сейтенов** – з.ғ.д., профессор;

**А.А. Секішев** – Қазақстан Республикасы  
прокуратурасының құрметті қызметкері;

**А.А. Тынышбаева** – әлеум.ғ.д., псих.ғ.к., психоло-  
гия доценті;

**О.Б. Филипец** – з.ғ.к.;

**В.В. Хан** – з.ғ.к.;

**З.Ж. Шахарбаева** – Ресей Федерациясының  
псих.ғ.к.

**Редакция құрамы:**

**Б.Б. Буралкиева** – халықаралық қатынастар  
магистрі;

**Т.Е. Есмаханов** – философия докторы (PhD);

**С.Т. Кенжебаева**;

**Л.А. Ксеубаева** – заң ғылымдарының магистрі;

**К.А. Мұқанова**;

**Б.Ж. Сағымбеков** – LL.M құқық магистрі.

**Редакцияның мекенжайы:**

021804, Ақмола облысы, Целиноград ауданы,  
Қосшы ауылы, Республика көшесі, 16.

Эл. пошта: 7171402@prokuror.kz,

7171410@prokuror.kz.

Қолжазбалар қайтарылмайды. Авторлардың пікірлері  
редакцияның көзқарасымен сәйкес келмеуі мүмкін.  
Материалдарды басқа басылымдарда қолдануға  
редакцияның жазбаша келісімінен кейін ғана рұқсат  
етіледі. Ұсынылған материалдардың шынайлығына  
автор жауапты. Журнал ақпараттарын пайдаланған  
кезде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

© Құқық қорғау органдары академиясы, 2021 ж.



**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ**  
**«ВЕСТНИК АКАДЕМИИ ПРАВООХРАНИТЕЛЬНЫХ ОРГАНОВ»**  
**№ 1 (19) 2021**

**Учредитель:**

ГУ «Академия правоохранительных органов при  
Генеральной прокуратуре Республики Казахстан»

Издается с 2016 года  
Выпускается ежеквартально

Языки публикаций – казахский, русский, английский

Включен в Перечень изданий, рекомендуемых для публикации  
основных результатов научной деятельности  
(приказ ККСОН МОН РК № 396 от 17.04.2019 г.),  
Российскую библиографическую базу данных «Российский индекс  
научного цитирования» (РИНЦ),  
Казахстанскую базу цитирования (КазБЦ).

Журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации  
Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан.  
Регистрационное свидетельство № 16600–СИ от 1 июля 2017 года.

**Состав Редакционного совета:**

**Мерзалинов Е.С.** – к.ю.н. (Казахстан) – **Председатель**;  
**Абдрасулов Е.Б.** – д.ю.н., профессор (Казахстан);  
**Аракелян С.В.** – д.ю.н., профессор (Армения);  
**Борчашвили И.Ш.** – д.ю.н., профессор (Казахстан);  
**Бринчук М.М.** – д.ю.н., профессор (Россия);  
**Бублик В.А.** – д.ю.н., профессор (Россия);  
**Василевич Г.А.** – д.ю.н., профессор (Беларусь);  
**Каудыров Т.Е.** – д.ю.н., профессор (Казахстан);  
**Ким Г.В.** – к.ю.н. (Казахстан);  
**Кирица В.П.** – доктор права, доцент (Молдова);  
**Лакбаев К.С.** – д.ю.н., профессор (Казахстан);  
**Малиновский В.А.** – д.ю.н., доцент (Казахстан);  
**Марчук В.В.** – к.ю.н. (Беларусь);  
**Нуртаев Р.Т.** – д.ю.н., профессор (Казахстан);  
**Татарян В.Г.** – д.ю.н., профессор (Россия);  
**Тыныбеков С.Т.** – д.ю.н., профессор (Казахстан);  
**Трунк А.** – доктор права, профессор (Германия);  
**Ханов Т.А.** – д.ю.н., профессор (Казахстан);  
**Хомич В.М.** – д.ю.н., профессор (Беларусь).

**Состав Редакционной коллегии:**

**Сыздыков А.Ж.** – доктор философии (PhD), ассоциированный профессор – **Главный редактор**;  
**Алибекова А.М.** – к.ю.н.;  
**Бегалиев Е.Н.** – д.ю.н. Киргизской Республики, профессор;  
**Бекишева С.Д.** – д.ю.н., доцент;  
**Жанатаева У.К.** – д.полит.н.;  
**Иманбаев С.М.** – к.ю.н., профессор;  
**Имангалиев Н.К.** – к.ю.н., ассоциированный профессор;  
**Карымсаков Р.Ш.** – к.ю.н., доцент;  
**Кемали Е.С.** – к.ю.н., ассоциированный профессор;  
**Найманова Д.Х.**;  
**Нугманов Р.Р.** – к.ю.н.;  
**Нурмагамбетов Б.Г.** – к.полит.н., доцент;  
**Онгарова Р.К.** – магистр права;

**Рахимов Н.Б.** – магистр права;

**Сейтаева Ж.С.** – к.ю.н., ассоциированный профессор;  
**Сейтенов К.К.** – д.ю.н., профессор;  
**Секишев А.А.** – почетный работник прокуратуры Республики Казахстан;  
**Тынышбаева А.А.** – д.соц.н., к.псих.н., доцент психологии;  
**Филипец О.Б.** – к.ю.н.;  
**Хан В.В.** – к.ю.н.;  
**Шахарбаева З.Ж.** – к.псих.н. Российской Федерации.

**Состав Редакции:**

**Буралкиева Б.Б.** – магистр международных отношений;  
**Есмаханов Т.Е.** – доктор философии (PhD);  
**Кенжебаева С.Т.**;  
**Ксеубаева Л.А.** – магистр юридических наук;  
**Муканова К.А.**;  
**Сагымбеков Б.Ж.** – магистр права LL.M.

**Адрес редакции:**

021804, Акмолинская область, Целиноградский район, с. Косшы, ул. Республики, 16.  
Эл. почта: 7171402@prokuror.kz,  
7171410@prokuror.kz.

Рукописи не возвращаются. Мнения авторов могут не совпадать с точкой зрения редакции. Использование материалов в других изданиях допускается только с письменного согласия редакции. За достоверность предоставленных материалов ответственность несет автор. Ссылка на журнал обязательна.

© Академия правоохранительных органов, 2021 г.

**«BULLETIN OF THE ACADEMY OF LAW ENFORCEMENT AGENCIES»  
SCIENTIFIC JOURNAL  
№ 1 (19) 2021**

**Founder:**

GA «The Law Enforcement Academy under the Prosecutor General's  
Office of the Republic of Kazakhstan»

Published since 2016

Issued quarterly

Publication languages – kazakh, russian, english

Included to the list of publications recommended for publication of the main results of scientific activity.

(Order of the CCSM MES RK No. 396 of 17.07.2019),

Russian bibliographic database «Russian science citation index» (RSCI),

Kazakhstan Citation Base (KazCB).

The journal is registered in the Committee for Communications, Informatization and Information of the  
Ministry on Investments and Development of the Republic of Kazakhstan.

Registration Certificate № 16600–SI dated by July 1, 2017.

**Members of the Editorial Council:**

**Merzadinov E.S.** – Candidate of Law (*Kazakhstan*) –  
**Chairman;**

**Abdrasulov E.B.** – Doctor of Law, Professor (*Kazakhstan*);

**Arakelyan S.V.** – Doctor of Law, Professor (*Armenia*);

**Borchashvili I.Sh.** – Doctor of Law, Professor  
(*Kazakhstan*);

**Brinchuk M.M.** – Doctor of Law, Professor (*Russia*);

**Bublik V.A.** – Doctor of Law, Professor (*Russia*);

**Vasilevich G.A.** – Doctor of Law, Professor (*Belarus*);

**Kaudyrov T.E.** – Doctor of Law, Professor (*Kazakhstan*);

**Kim G.V.** – Candidate of Law (*Kazakhstan*);

**Kiritsa V.P.** – Doctor of Law, Associate Professor (*Moldova*);

**Lakbayev K.S.** – Doctor of Law, Professor (*Kazakhstan*);

**Malinovsky V.A.** – Doctor of Law., Associate  
Professor (*Kazakhstan*);

**Marchuk V.V.** – Candidate of Law (*Belarus*);

**Nurtayev R.T.** – Doctor of Law, Professor (*Kazakhstan*);

**Tataryan V.G.** – Doctor of Law, Professor (*Russia*);

**Tynybekov S.T.** – Doctor of Law, Professor (*Kazakhstan*);

**Trunk A.** – Doctor of Law, Professor (Germany);

**Khanov T.A.** – Doctor of Law, Professor (*Kazakhstan*);

**Khomich V.M.** – Doctor of Law, Professor (*Belarus*).

**Members of the Editorial Board:**

**Syzdykov A.Zh.** – Philosophy Doctor (PhD),  
Associate Professor – **Chief Editor**;

**Alibekova A.M.** – Candidate of Law;

**Begaliyev Y.N.** – Doctor of Law the Kyrgyz Republic,  
Professor;

**Bekisheva S.D.** – Doctor of Law, Associate Professor;

**Zhanatayeva U.K.** – Doctor of Political Science;

**Imanbayev S.M.** – Candidate of Law, Professor;

**Imangaliev N.K.** – Candidate of Law, Associate  
Professor;

**Karymsakov R.Sh.** – Candidate of Law, Associate  
Professor;

**Kemali E.S.** – Candidate of Law, Associate  
Professor;

**Naimanova D.Kh.;**

**Nugmanov R.N.** – Candidate of Law;

**Nurmagambetov B.G.** – Candidate of Political  
Sciences, Associate Professor;

**Ongarova R.K.** – Master of Laws;

**Rakhimov N.B.** – Master of Laws;

**Seitayeva Zh.S.** – Candidate of Law, Associate  
Professor;

**Seitenov K.K.** – Doctor of Law, Professor;

**Sekishev A.A.** – Honorary Prosecutor of the  
Republic of Kazakhstan;

**Tynyshbayeva A.A.** – Candidate of Psychological  
Sciences, Doctor of Sociological Sciences, Associate  
Professor;

**Filipets O.B.** – Candidate of Law;

**Khan V.V.** – Candidate of Law;

**Shakharbayeva Z.Zh.** – Candidate of Psychology of the  
Russian Federation.

**Editors:**

**Buralkiyeva B.B.** – Master of International Relations;

**Yesmakanov T.E.** – Philosophy Doctor (PhD);

**Kenzhebayeva S.T.;**

**Kseubayeva L.A.** – Master of Law;

**Mukanova K.A.;**

**Sagymbekov B.Zh.** – Master of Law, LL.M.

**Editorial address:**

021804, Akmola region, Tselinograd district, Kosshy,  
16 Republic st.,

E-mail: 7171402@prokuror.kz,

7171410@prokuror.kz.

Manuscripts are not returned. Opinions of the authors  
may not coincide with the point of view of the editors.  
The use of materials in other journals is allowed only  
with the written consent of the publisher. For authenticity.  
The author is responsible for the accuracy of the  
materials provided. A link to the journal is required.

© Academy of Law Enforcement Agencies, 2021.



## МАЗМҰНЫ

### МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ТЕОРИЯСЫ МЕН ТАРИХЫ

<b>Б.Қ. НҰРҒАЗИНОВ, Л.Т. ЖАНҰЗАҚОВА, Н. СӘУЛЕН.</b> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРДІ ТҮСІНДІРУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ ТУРАЛЫ .....	10
--	----

### КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ

<b>Е.Б. АБДРАСУЛОВ.</b> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ.....	20
--	----

### АЗАМАТТЫҚ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ–ПРОЦЕСТІК ҚҰҚЫҚ

<b>А.Е. ӘЛІБЕКОВ, С.К. ЖҮРСІМБАЕВ.</b> АЗАМАТТЫҚ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДІ ОҢТАЙЛАНДЫРУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ ТУРАЛЫ.....	32
--	----

<b>Ә.И. КАРИПОВА.</b> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АТҚАРУШЫЛЫҚ ЖАЗБА ИНСТИТУТЫНЫҢ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ.....	42
--	----

<b>Ә.И. КАРИПОВА, А.Н. РОМАНОВА.</b> АҚШ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ МЕДИАЦИЯНЫҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ СИПАТТАМАСЫНЫҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ .....	50
--	----

### ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ КРИМИНОЛОГИЯ, ҚЫЛМЫСТЫҚ–АТҚАРУ ҚҰҚЫҒЫ

<b>Ә.Қ. ӘБІШЕВА.</b> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА КӨМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ЖЫНЫСТЫҚ ТИСПЕУШІЛІГІНЕ ҚАРСЫ ҚЫЛМЫС ЖАСАҒАН АДАМДАРҒА ХИМИЯЛЫҚ КАСТРАЦИЯНЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕЛІК АСПЕКТІЛЕРІ.....	59
---	----

<b>А.Қ. ҚАНАТОВ, Ж.С. СЕЙТАЕВА.</b> ТҮРМЕДЕГІ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУДЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЛТТЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖҮЙЕСІНЕ ИНТЕГРАЦИЯЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	64
--	----

### ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСС, КРИМИНАЛИСТИКА, СОТ–САРАПТАМА ҚЫЗМЕТІ, ЖЕДЕЛ- ІЗДЕСТІРУ ҚЫЗМЕТІ

<b>А.Р. ЗАВОТПАЕВ.</b> КӨМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ЖЫНЫСТЫҚ ТИСПЕУШІЛІГІНЕ ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТАР ТУРАЛЫ ІСТЕР БОЙЫНША ДӘЛЕЛДЕУДЕГІ СОТ–СЕКСОЛОГИЯЛЫҚ САРАПТАМА.....	72
--	----

<b>В.В. РОГАЛЬСКАЯ, О.М. БРОНЕВИЦКАЯ.</b> ПРОЦЕССУАЛДЫҚ СҰХБАТ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ҚЫЗМЕТІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ БІРІ РЕТІНДЕ: УКРАИНАДА ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ШЫНДЫҚТАРЫ МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ.....	78
---	----

<b>Қ.Қ. СЕЙТЕНОВ.</b> ІЗДІҢ ЖАЛПЫ ҒЫЛЫМИ КАТЕГОРИЯСЫ: СОТ– САРАПТАМАЛЫҚ АСПЕКТІСІ .....	86
--	----

<b>Д.П. ӨТЕПОВ.</b> ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУДЕ ДӘЛЕЛДЕМЕ РЕТІНДЕГІ САНДЫҚ АҚПАРАТ .....	95
--	----

<b>АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР .....</b>	100
---	-----

<b>АВТОРЛАР ҮШІН АҚПАРАТ .....</b>	104
------------------------------------	-----



## СОДЕРЖАНИЕ

### ТЕОРИЯ И ИСТОРИЯ ГОСУДАРСТВА И ПРАВА

Б.К. НУРГАЗИНОВ, Л.Т. ЖАНУЗАКОВА, Н. САУЛЕН. О НЕКОТОРЫХ ВОПРОСАХ ТОЛКОВАНИЯ НОРМАТИВНЫХ ПРАВОВЫХ АКТОВ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН.....	10
---	----

### КОНСТИТУЦИОННОЕ И АДМИНИСТРАТИВНОЕ ПРАВО

Е.Б. АБДРАСУЛОВ. КОНСТИТУЦИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН И МЕЖДУНАРОДНОЕ ПРАВО.....	20
--	----

### ГРАЖДАНСКОЕ И ГРАЖДАНСКО–ПРОЦЕССУАЛЬНОЕ ПРАВО

А.Е. АЛИБЕКОВ, С.К. ЖУРСИМБАЕВ. О НЕКОТОРЫХ ВОПРОСАХ ОПТИМИЗАЦИИ ГРАЖДАНСКОГО СУДОПРОИЗВОДСТВА .....	32
--	----

А.И. КАРИПОВА. ПЕРСПЕКТИВЫ ИНСТИТУТА ИСПОЛНИТЕЛЬНОЙ НАДПИСИ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН .....	42
--	----

А.И. КАРИПОВА, А.Н. РОМАНОВА. НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ СРАВНИТЕЛЬНОЙ ХАРАКТЕРИСТИКИ МЕДИАЦИИ В США И РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН .....	50
--	----

### УГОЛОВНОЕ ПРАВО И КРИМИНОЛОГИЯ, УГОЛОВНО–ИСПОЛНИТЕЛЬНОЕ ПРАВО

А.К. АБИШЕВА. ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ И ПРАКТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ПРИМЕНЕНИЯ ХИМИЧЕСКОЙ КАСТРАЦИИ К ЛИЦАМ, СОВЕРШИВШИМ ПРЕСТУПЛЕНИЯ ПРОТИВ ПОЛОВОЙ НЕПРИКОСНОВЕННОСТИ НЕСОВЕРШЕННОЛЕТНИХ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН .....	59
--	----

А.К. КАНАТОВ, Ж.С. СЕЙТАЕВА. ПРОБЛЕМЫ ИНТЕГРАЦИИ ТЮРЕМНОГО ЗДРАВООХРАНЕНИЯ В НАЦИОНАЛЬНУЮ СИСТЕМУ ЗДРАВООХРАНЕНИЯ КАЗАХСТАНА.....	64
---	----

### УГОЛОВНЫЙ ПРОЦЕСС, КРИМИНАЛИСТИКА, СУДЕБНО–ЭКСПЕРТНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ, ОПЕРАТИВНО–РОЗЫСКНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ

А.Р. ЗАВОТПАЕВ. СУДЕБНО–СЕКСОЛОГИЧЕСКАЯ ЭКСПЕРТИЗА В ДОКАЗЫВАНИИ ПО ДЕЛАМ О ПРЕСТУПЛЕНИЯХ ПРОТИВ ПОЛОВОЙ НЕПРИКОСНОВЕННОСТИ .....	72
---	----

В.В. РОГАЛЬСКАЯ, О.М. БРОНЕВИЦКАЯ. ПРОЦЕССУАЛЬНОЕ ИНТЕРВЬЮ, КАК ОДИН ИЗ ИННОВАЦИОННЫХ ИНСТРУМЕНТОВ ОСУЩЕСТВЛЕНИЯ ПРАВООХРАНИТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ: РЕАЛИИ И ПЕРСПЕКТИВЫ ВНЕДРЕНИЯ В УКРАИНЕ .....	78
--	----

К.К. СЕЙТЕНОВ. ОБЩАЯ НАУЧНАЯ КАТЕГОРИЯ СЛЕДА: СУДЕБНО–ЭКСПЕРТНЫЙ АСПЕКТ .....	86
---	----

Д.П. УТЕПОВ. ЦИФРОВАЯ ИНФОРМАЦИЯ КАК ДОКАЗАТЕЛЬСТВО В УГОЛОВНОМ ПРОИЗВОДСТВЕ .....	95
--	----

СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ.....	100
--------------------------	-----

ИНФОРМАЦИЯ ДЛЯ АВТОРОВ.....	106
-----------------------------	-----



## CONTENTS

### THEORY AND HISTORY OF STATE AND LAW

<b>B.K. NURGAZINOV, L.T. ZHANUZAKOVA, N. SAULEN.</b> ON SOME ISSUES OF INTERPRETATION OF NORMATIVE LEGAL ACTS IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN .....	10
---	----

### CONSTITUTIONAL AND ADMINISTRATIVE LAW

<b>E.B. ABDRASULOV.</b> THE CONSTITUTION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN AND INTERNATIONAL LAW .....	20
--	----

### CIVIL AND CIVIL PROCEDURE LAW

<b>A.YE. ALIBEKOV, S.K. ZHURSIMBAEV.</b> SOME ISSUES OF OPTIMIZATION OF CIVIL PROCEEDINGS .....	32
---	----

<b>A.Y. KARIPOVA.</b> PROSPECTS OF THE INSTITUTE OF EXECUTIVE INSCRIPTION IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN.....	42
--	----

<b>A.I. KARIPOVA, A.N. ROMANOVA.</b> SOME ASPECTS OF THE COMPARATIVE CHARACTERISTICS OF MEDIATION IN THE USA AND THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN .....	50
---	----

### CRIMINAL LAW AND CRIMINOLOGY, PENAL LAW

<b>A.K. ABISHEVA.</b> THEORETICAL AND PRACTICAL ASPECTS OF THE APPLICATION OF CHEMICAL CASTRATION TO PERSONS WHO HAVE COMMITTED CRIMES AGAINST THE SEXUAL INTEGRITY OF MINORS IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN .....	59
---	----

<b>A.K. KANATOV, ZH.S. SEITAYEVA.</b> PROBLEMS OF INTEGRATION OF PRISON HEALTH CARE INTO THE NATIONAL HEALTH SYSTEM OF KAZAKHSTAN.....	64
--	----

### CRIMINAL PROCEDURE, CRIMINALISTICS, FORENSIC EXPERTISE, OPERATIONAL INVESTIGATIVE ACTIVITIES

<b>A.R. ZAVOTPAYEV.</b> FORENSIC SEXOLOGICAL EXPERTISE IN PROVING CASES OF CRIMES AGAINST THE SEXUAL INTEGRITY OF MINORS .....	72
--	----

<b>V.V. ROGALSKAYA, O. M. BRONEVITSKAYA.</b> PROCEDURAL INTERVIEW AS ONE OF THE INNOVATIVE TOOLS OF LAW ENFORCEMENT: THE REALITIES AND PROSPECTS OF IMPLEMENTATION IN UKRAINE .....	78
---	----

<b>K.K. SEITENOV.</b> GENERAL SCIENTIFIC CATEGORY OF A TRACE: FORENSIC ASPECT .....	86
---	----

<b>D.P. UTEPOV.</b> DIGITAL INFORMATION AS PROOF IN CRIMINAL PROCEEDINGS	95
--	----

<b>INFORMATION ABOUT AUTHORS</b> .....	100
--	-----

<b>INFORMATION FOR AUTHORS</b> .....	108
--------------------------------------	-----



ӨЖ 340.11:34:001.8  
МҒТАР 10.01.07

**Б.Қ. Нұрғазинов, Л.Т. Жанұзақова, Н. Сәулен**  
*Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты*  
*Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы*

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРДІ ТҮСІНДІРУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ ТУРАЛЫ

**Аннотация.** Мақалада нормативтік құқықтық актілерді түсіндірудің теориялық және практикалық мәселелері қарастырылады. Авторлар осы ұғымның мазмұнына талдау жасады, түсіндірудің түрлері мен субъектілерін анықтады. Нормативтік құқықтық актілерді ресми түсіндіру мәселесіне ерекше назар аударылды және күші жойылған «Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңында және қолданыстағы «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңында оның құқықтық реттеу мәселелері қаралды. Осы актілерде осы мәселені реттеу тәсілдеріндегі айырмашылық көрсетіледі. Атап айтқанда, «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңында «нормативтік құқықтық актіні ресми түсіндіру» термині Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларына ресми түсіндіруді жүзеге асыратын Конституциялық Кеңеске қатысты ғана пайдаланылады. Нормативтік құқықтық актілердің басқа түрлеріне қатысты осы термин «нормативтік құқықтық актіге ресми түсіндірме беру» ұғымымен ауыстырылды.

Мақалада авторлар нормативтік құқықтық актілерді ресми түсіндіру тұжырымдамасы мен түрлерін заңнамалық түрде бекітуді және заңдарды ресми түсіндіру субъектілерін анық белгілеуді ұсынады.

**Түйінді сөздер:** нормативтік құқықтық акт; ресми түсіндіру; ресми түсіндірме беру; субъект; құқық нормалары; Конституциялық Кеңес және Жоғарғы Сот; заң.

**Б.К. Нургазинов, Л.Т. Жанұзақова, Н. Саулен**  
*Институт законодательства и правовой информации Республики Казахстан,*  
*г. Нур-Султан, Республика Казахстан*

## О НЕКОТОРЫХ ВОПРОСАХ ТОЛКОВАНИЯ НОРМАТИВНЫХ ПРАВОВЫХ АКТОВ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

**Аннотация.** В статье исследуются теоретические и практические проблемы толкования нормативных правовых актов. Авторами проведён анализ содержания данного понятия, определены виды и субъекты толкования. Особое внимание уделено проблеме официального толкования нормативных правовых актов и рассмотрены вопросы его правового регулирования в законодательстве, утратившем силу Законе РК от 24 марта 1998 года «О нормативных правовых актах» и в действующем Законе РК от 6 апреля 2016 года «О правовых актах». Указывается на разницу в подходах к регулированию данного вопроса в данных актах. Так, отмечается, что в действующем законе термин «официальное толкование нормативного правового акта» используется только в отношении Конституционного Совета, который осуществляет официальное толкование норм Конституции. Применительно к другим видам нормативных правовых актов данный термин заменён понятием «официальное разъяснение нормативного правового акта».

В статье авторами предлагается законодательно закрепить понятие и виды официального толкования нормативных правовых актов и установить субъектов официального толкования законов.

**Ключевые слова:** нормативный правовой акт; официальное толкование; официальное разъяснение; субъект; правовые нормы; Конституционный Совет и Верховный суд; закон.



**B.K. Nurgazinov, L.T. Zhanuzakova, N. Saulen**  
*Institute of legislation and legal information of the Republic of Kazakhstan,  
Nur-Sultan c., Republic of Kazakhstan*

## **ON SOME ISSUES OF INTERPRETATION OF NORMATIVE LEGAL ACTS IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

**Abstract.** The article examines the theoretical and practical problems of the interpretation of regulatory legal acts. The authors analyzed the content of this concept in the legal literature, defined the types and subjects of interpretation. Particular attention is paid to the problem of the official interpretation of regulatory legal acts. Along with this, the issues of its legal regulation in the legislation were considered: in the expired Law of the Republic of Kazakhstan dated March 24, 1998 «On regulatory legal acts» and in the current Law of the Republic of Kazakhstan dated April 6, 2016 «On legal acts». The difference in approaches to the regulation of this issue in these acts is pointed out. In particular, it is noted that in the Law of the Republic of Kazakhstan «On Legal Acts» the term «official interpretation of a regulatory legal act» is used only in relation to the Constitutional Council, which carries out the official interpretation of the norms of the Constitution of the Republic of Kazakhstan. With regard to other types of regulatory legal acts, this term has been replaced by the concept of «official clarification of a regulatory legal act». However, it is emphasized that clarification is an integral part of the interpretative process, which is to convey the true meaning and content of a normative legal act to other subjects who apply or use it. Thus, in the article, the authors propose to legislatively consolidate the concept and types of official interpretation of regulatory legal acts and establish the subjects of official interpretation of laws.

**Key words:** normative legal act; official interpretation; official clarification; subject; Constitutional Council and Supreme Court; law.

DOI 10.52425/25187252\_2021\_19\_10

Құқық нормаларын түсіндіру мәселелері қазіргі заң ғылымының ең күрделі және өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Бұл мәселенің анық еместігі құқықты түсіндіру актілерінің заңды табиғатын бірыңғай түсінудің, заңнамада теріс көрініс табатын заңды түсіндіру субъектілерін анықтаудың болмауын анықтайды. Құқық нормаларын түсіндіру мемлекеттік органдардың құқық шығармашылығы, құқық қолдану қызметінде маңызды рөл атқарады және оның жұмыс істеуіне айтарлықтай әсер етеді. Сондықтан ғылыми қоғамдастық үшін бұл тұрғыда мұнда туындайтын мәселелерді шешудің бірыңғай теориялық тәсілдерін анықтау, оларды заңнамада дәйекті түрде бекіту және іс жүзінде жүзеге асыру өте маңызды.

Құқық нормаларын түсіндіру деп тиісті субъектілердің іс-әрекетінің осы нақты шарттарында іске асырылуға жататын олардың шынайы мәні мен мазмұнын айқындауға және түсіндірме беруге бағытталған іс-қимыл жиынтығы түсініледі. Сонымен бірге, айқындау дегеніміз – түсіндірілетін норманың қажетті мазмұнын анықтау, түсіну және негіздеудің құқықтық-танымдық процедурасы, яғни өзі үшін құқық

нормасының нақты мағынасын түсіну мақсатында түсіндіруді жүзеге асыратын субъектінің миында болып жатқан интеллектуалдық-ерікті процесс. Түсіндірме беру дегеніміз – түсіндіріліп отырған норманың мазмұнын тиісті айқындау нәтижелерін жалпы пайдалану үшін сыртқы жария білдірудің әртүрлі арнайы формалары, яғни бұл мағынаны басқаларға жеткізу [1].

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы, нормативтік құқықтық актілерді ресми түсіндіру туралы 8-тарауды қамтыса да, түсіндіру және ресми түсіндіру ұғымдарын бекітпегенін атап өткен жөн.

«Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңында да бұл ұғымдар жоқ. Оның орнына «нормативтік құқықтық актіге ресми түсіндірме беру актісі» – «осы Заңның 13-тарауында көрсетілген талаптар мен шарттарға сай келетін, нормативтік құқықтық актіде қамтылған нормаларға түсіндірме беретін белгіленген нысандағы жазбаша ресми құжат» деген ұғым енгізіледі. Заңның 58-бабына сәйкес, нормативтік құқықтық актілердің анық

болмауы мен әртүрлі түсіндірілуі, оларды қолдану практикасында қайшылықтар анықталған жағдайларда, құқық нормаларының мазмұнын түсінікті ету, нақтылау мақсатында ресми түсіндірме беріледі, ол құқық нормаларының мәнін өзгерте алмайды және түсіндірме берілетін норманың шегінен шыға алмайды. Нормативтік құқықтық актілерге ресми түсіндірме беру актілері, құқық нормаларын белгілемейді және заңнамадағы олқылықтың орнын толтырмайды, бірақ бұл ретте Заңның 60–бабының 4–тармағында белгіленген жағдайларды қоспағанда, оларда қамтылған нормаларды іске асыру, оның ішінде оларды қолдану кезінде және сот төрелігін жүзеге асыру кезінде міндетті сипатқа ие болады [2].

Шын мәнінде, бұл жерде біз ресми түсіндіру туралы айтып отырмыз, өйткені түсіндірме беру оны қолданатын немесе пайдаланатын адамдар үшін құқықтық норманың мағынасын беретін түсіндіру процесінің бөлігі болып табылады. Түсіндірме беру үшін субъектінің өзі осы норманың шынайы мағынасын түсінуі керек, осылайша ол өзі үшін түсінікті болады.

«Түсіндіру – бұл заң мен өмір шындығының арасындағы делдалдық (римдіктер айтқандай, заң мен *aequitas* арасында). Осы себепті, аудармашы норманы өзінің әрекетін жүзеге асыратын әлеуметтік контексте түсіндіруі керек», өйткені норма әлеуметтік қатынастарды білудің, оларды қоғам қабылдаған құндылықтар жүйесінен туындайтын жеке критерийлер бойынша бағалаудың нәтижесі, ал құқықтық нормалар жүйесінің сындарлы қызметі «әлеуметтік процестерді алдын-ала модельдеу» болып табылады. Норманың мақсаты орындалғанын немесе орындалмағанын анықтау мақсатында эмитент алдын ала түсіндірместен норманы шығара алмайды. Алайда, бұл процесс әрдайым жеткілікті немесе қанағаттанарлық бола бермейді және бұл басқасын қабылдау арқылы норманы түсіндіруге әкеледі [3].

Нормаларды түсіндіру үшін заң шығарушылар енгізген норманың түсініксіздігін жоюдың барлық негізгі әрекеттері практиктер мен қосымшалар үшін нормалардың көрінісін қолайсыз етеді. Түсіндірудің онтологиялық әсері және түсіндірудің белгісіздігі әрқашан

онтологиялық болжамдарды жасырады. Мысалы, түсіндіру үшін теорияның нормалары қоғаммен немесе тілмен бірге дамиды немесе дамымайды. Біз агентті түсіндіру нәтижесі ретінде әлеуметтік емес әлеуметтік объектілердің нормасын мағынаның нормасынан ажыратқымыз келеді. Біз түсіндіруді құқықтық практикада норманы жалпы жағдай ретінде және түсіндіруді норманың жалпы көрінісі туралы пайымдау ретінде ұсыну үшін талқылаймыз. Нормалардың онтологиялық мәртебесі мен түсіндіру арасындағы айырмашылықтарды нақтылау үшін құқықтық нормалардың төрт канондық түсіндірмесінің онтологиялық талдауын қысқаша еске түсіріңіз:

а) грамматикалық түсіндіру: норманың мәнін заңды мәтіндерден табу керек;

б) жүйелік түсіндіру: норманың мәні нормативтік жүйенің күйінен туындайды;

в) тарихи түсіндіру: норманың мәні нормативтік жүйенің күйінен туындайды; норманың мәні норманың бастапқы контекстінде және заң шығарушының еркінде;

г) телеологиялық түсіндіру: норманың мәні қоғамның ағымдағы жағдайымен өзгереді [4].

Алғашқы екі түсіндірмедегі онтологиялық болжамдар норманы ұсынудың бөлігі болып табылатын нәрсені шектейді. Тарихи және телеологиялық түсіндірулер норма эволюциясын қамтиды: норма компоненттерінің ұзақтығын қалай қолдануға болады. Барлық түсіндірулерді ескеру үшін ең жақсы стратегия – ең кең идеяны құру және компоненттерді таңдауды және уақытты түсіндіруді кейінге қалдыру болып табылады. Келтірілген барлық төрт түсінік заң тәжірибесінде қолданылады. Нормалардың объективті ұсынылуы барлық төрт түсіндірмені бір тұжырымдамадан шығару үшін қажет [5].

Егер құқықтық әдебиеттерге жүгінетін болсақ, онда ресми түсіндіру оған уәкілетті мемлекеттік орган жүзеге асыратын түсіндіру ретінде қарастырылады, оның актілері тиісті құқық қолдану субъектілері үшін міндетті болып табылады [6].

Бұл анықтама, шын мәнінде, ғалымдар арасында келіспеушілік туғызбайды, сондықтан оны түсіндіру актілерінің міндетті сипатын ескере отырып, оны заңмен бекіту ұсынылады.



Осылайша, «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1–бабында қарастыру және мынадай редакцияда жазу ұсынылады: «Нормативтік құқықтық актіні ресми түсіндіру – онда қамтылған құқықтық нормалардың мағынасын уәкілетті орган құқық қолдану субъектілері үшін міндетті құқықтық актіні шығару арқылы жүзеге асыратын ресми түсіндірме беру».

Тиісінше осы Заңның 1–бабын «нормативтік құқықтық актіні ресми түсіндіру актісі» деген ұғымды айқындаумен де мынадай редакцияда толықтыру ұсынылады: «нормативтік құқықтық актіні ресми түсіндіру актісі – нормативтік құқықтық актіде қамтылған, оны қолдану кезінде міндетті күші бар және осы Заңның және өзге де заңнамалық актілердің 13–тарауында көрсетілген талаптар мен шарттарға сай келетін, норманың мәніне түсіндірме беретін, белгіленген нысандағы жазбаша ресми құжат».

Ресми түсіндіру субъектілері туралы күрделі мәселе болып табылады. 1998 жылғы Заңның 45–бабына сәйкес Конституцияның нормаларын ресми түсіндіру Конституциялық Кеңеске, ал заңға тәуелді актілер – оларды қабылдаған (шығарған) органдарға немесе лауазымды адамдарға жүктелді. Конституциялық Кеңеске осы құқықты беру ҚР Конституциясының (72–баптың 1–тармағының 4) тармақшасы) және «Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы» 1995 жылғы 29 желтоқсандағы ҚР Конституциялық заңының (17–бабы 3–тармағының 1) тармақшасы) нормаларынан туындайды. Бұл құқық конституциялық бақылау органында бүгінгі күнге дейін сақталған.

Қазақстандық ғалым, заң ғылымдарының докторы, профессор И.И. Рогов осыған байланысты былай деп жазады: «Конституцияның нормаларын ресми түсіндіру – бұл нормативтік түсіндіру, оны Конституциялық Кеңес Конституция нормаларының мазмұнынан үзінді алып, анықтаудың түрлі тәсілдері көмегімен Конституция нормаларының сөзбен берілген мағынасына сәйкес береді. Түсіндірудің көлемін алдын ала белгілеу мүмкін емес, Конституциялық Кеңес Конституция нормаларын ресми

түсіндірудің әдістерін таңдауда тек Конституцияның өзіне ғана тәуелді. Конституция нормаларының, оның жалпы ережелерімен және принциптерімен қисынды түрде байланыстылығы мен қабаттастығы назарға алынады. Конституциялық Кеңестің нормативтік түсіндірулері, Конституция нормаларын тек өтініш субъектілерінің мәселелері бойынша ғана түсіндіруге жағдай жасай отырып, бұл нормалардың мағыналық түсіндірмесін тікелей конституциялық реттеу үшін толықтыра түседі. Бұл орайда Конституциялық Кеңестің, Конституцияның нормаларынан шығатын, құқықтық позициясы Конституцияның өзіне сәйкес келеді. Конституцияның мазмұнынан, онда жазылған нормалардан, жалпы ережелер мен принциптерден тікелей шықпайтын ұйғарымдарды ҚР–ның Конституциялық Кеңесі жасамайды. Конституцияның нормаларын түсіндіре отырып, Кеңес конституциялық реттеу нысанының шегінен шығып кетпейді» [7].

Бұл ережені заңдар мен заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді ресми түсіндіруге тең дәрежеде жатқызуға болады. Алайда заңдарды ресми түсіндіру субъектісі 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңмен белгіленбеген, Конституцияның өзінде және «Құқықтық актілер туралы» Заңда көзделмеген.

Мүмкін, сондықтан заң шығарушы барлық нормативтік құқықтық актілерге қатысты «ресми түсіндіру» (официальное толкование) терминінен бас тартып, оны «ресми түсіндірме беру» (официальное разъяснение) деп алмастырған шығар.

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 60–бабына сәйкес ҚР Үкіметінің нормативтік құқықтық актілеріне ресми түсіндірме беруді Премьер–Министрдің тапсырмасы бойынша ҚР–ның Әділет министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп жүзеге асырады. Заңның 7–бабы 2–тармағының 6), 7), 8) және 9) тармақшаларында көрсетілген нормативтік құқықтық актілерге ресми түсіндірмені соларды қабылдаған (шығарған) уәкілетті органдар немесе лауазымды адамдар береді [8].

Егер Конституциялық Кеңестің Конституция нормаларын ресми түсіндіру мәселелері жөніндегі нормативтік



қаулылары қолданыстағы құқықтың құрамдас бөлігі болып табылса (ҚР Конституциясының 4–бабының 1–тармағы), онда құқық қолданушылар үшін міндетті күші болса да, заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге ресми түсіндірме беру құқық көзі деп танылмайды.

Сонымен бірге, «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 60–бабының 4–тармағында мемлекеттік саясатты жүргізетін, белгілі бір салада (қызмет аясында) реттеу мен басқаруды жүзеге асыратын немесе тиісті мәселелерді шешу өз құзыретіне жатқызылған мемлекеттік органдар не өзге де мемлекеттік органдар өздеріне берілген өкілеттіктерге сәйкес нақты субъектілерге қатысты немесе нақты жағдайға қолдануға қатысты нормативтік құқықтық актілерге өз құзыреті шегінде түсіндірме бере алады деп көзделген. Мұндай түсіндірме берудің міндетті заңдық күші болмайды және ұсыныс сипатында ғана болады.

Естеріңізге сала кетейік, заң ғылымында ресми түсіндіру нормативтік және казуалды болуы мүмкін. Нормативтік түсіндіру жалпыға бірдей міндетті болып табылады, оны қолдану белгілі бір жағдайға ғана байланысты емес ол барлық жағдайларына арналған. Казуалды түсіндіру белгілі бір құқықтық жағдайдан туындайды және тек оның қатысушылары үшін қажет [6].

Мұнда не көреміз? Түсіндірілген Заңның 60–бабының 4–тармағында біз казуалды түсіндіру туралы айтып отырмыз, бірақ теориялық жалпы қабылданған түсініктен айырмашылығы, мұнда түсіндірме беру актісі тек ұсыныс сипатында болады және оны орындау міндетті емес. Шын мәнінде, бұл норма мемлекеттік органдарға заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді ғана емес, заңдарды да түсіндіруді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бірақ оның ресми сипатына қарамастан, міндетті күші болмайды.

Иерархия қағидаттарында құрылған мемлекеттік органдар жүйесіне қатысты, әдетте, жоғары тұрған органдар төмен тұрған органдар үшін осындай түсіндірмені береді. Сондықтан мұндай «ұсыныстар» төменгі органдар үшін, сондай-ақ жеке

және заңды тұлғалар үшін автоматты түрде міндетті болып табылады. Мұндай ұсыныстардан бас тарту жағдайларын келтіру қиын.

Жоғарыда айтылғандай, қазіргі уақытта заңдарды ресми түсіндіру субъектісі анықталмаған. 1993 жылғы ҚР Конституциясы бойынша Жоғарғы Кеңес осы құқыққа ие болды.

Қырғыз Республикасының 2009 жылғы 20 шілдедегі № 241 Нормативтік құқықтық актілері туралы заңының 5–бабында нормашығармашылық органдар (лауазымды тұлғалар) иерархиясын былай көрсеткен: «Нормативтік құқықтық актілерді қабылдауға (шығаруға) мынадай норма түзуші органдар (лауазымды адамдар) құқылы: Президент; Жоғарғы Кеңес; Үкімет; Ұлттық банк; референдумдар мен сайлау жөніндегі орталық комиссия; жергілікті өзін-өзі басқарудың өкілді органдары» [9].

Жалпы әдебиеттерде бұл мәселе бойынша әртүрлі пікірлер айтылды. Атап айтқанда, Ғ.С. Сапарғалиев, Ж.Д. Бусурманов, М.Т. Баймаханов Парламентке, Жоғарғы Сотқа, Конституциялық Кеңеске заңдарды ресми (нормативтік) түсіндіру бойынша өкілеттіктер беруді ұсынылды.

С.Н. Сабикенов атап өткендей, Парламентте мұндай құқықтың болмауы өзі қабылдаған мемлекеттің атқарушы органдарының заңға тәуелді актілерді қабылдауы арқылы жүзеге асыруға жататын заңдарда олардың нақты мазмұны жойылады, нәтижесінде көбінесе заң шығарушы орган көздеген мақсатқа қол жеткізе алмайды» [10]. Басқаша айтқанда, бұл автор ресми аутентикалық, яғни заңдарды авторлық түсіндіруді жақтайды.

Алайда, бұл мәселе бойынша қарама-қарсы пікірлер бар. Сонымен, В.С. Нерсисянц мұндай ұстаным құқық пен құқықтық мемлекеттіліктің негізгі бастамаларына қайшы келеді деп санайды. «Міндетті нормативтік актіні шығару және жалпы ресми міндетті түсіндіруді жүзеге асыру (оның актісі немесе кез келген басқа) – бұл мүлдем екі түрлі функция және биліктің бөлінуі жағдайында бір орган бір уақытта осы екі функцияға және екі тиісті өкілеттікке ие болмауы керек». Ол құқықты міндетті түрде түсіндіру оның мәні бойынша сот функциясы болып табылады және оны



арнайы сот органы (әдетте Конституциялық немесе Жоғарғы Сот) жүзеге асыруы керек деп санайды. «Аутентикалық түсіндіру – елдегі құқық тәртібі мен заңдылықты жоққа шығару, қолданыстағы құқық көздерінің иерархиясын бұзу, заңның рөлін девальвациялау және нормативтік жүйені бюрократизациялау, заңның жалпы талаптарын барлық ведомстволық жалған түсіндірмелермен және елде іс жүзінде тиісті органның немесе шенеуніктің, оның нұсқаулық және директивалық бұйрықтары мен хаттарының көзқарасы бойынша құқық болып табылатындығын ашық және кеңінен түсіндіру» – деп жазды ғалым. Өз ұстанымын қолдай отырып, ол өзінің нормативтік құқықтық актілерін түсіндіру құқығы Ресей заңнамасында қарастырылмағанын, сондықтан «ерікті», «өз бетінше» сипатта болатындығын көрсетеді [6].

А.К. Котов Парламент пен Президенттің заңнамалық актілерді түсіндіруге құқығы жоқ екенін айта келе, бұл «заң шығарушы ойындағысын айтпаса, ол жағдайды барынша азайтады» деп баса айтты. Оның көзқарасы бойынша «бикамералды Парламент Палаталарының дәйекті қарауында қабылданған заңдарды түсіндіру механизмін елестету қиын». Ол заңдарды түсіндіру құқығын сот тәжірибесін жинақтайтын Жоғарғы Сотқа беруді ұсынады. Сонымен бірге, А.К. Котовтың пікірінше, Конституциялық Кеңес конституциялық заңдарды «Республика Конституциясының мазмұнын оның жеке табиғатынан (мәтіндік көрінісінен) тыс жалғастыратын (дамытатын және толықтыратын) актілер ретінде» түсіндіру құқығына ие болуы тиіс. Кеңес түсіндіру арқылы «қаулыларда қамтылатын, тұжырымдары оларда түсіндірілетін нормалардың күшіне тең заңдық күшке ие болатын құқықтық ұстанымды тұжырымдай алады», «осылайша, заң шығарушыны ауыстырмай, Конституциялық Кеңес қолданыстағы конституциялық құқық актілеріндегі мағыналық маңызы мен кемшіліктердің орнын толтыра алады...» [11].

Үндістан Жоғарғы Сотының түсіндірмелерін үш кезеңге бөлуге болады. Бірінші кезең «грамматикалық/тура түсіндіруді» қамтиды, оны текстуализм деп те атауға болады. Әр сөзді есте сақтау, оқу және оны Конституциямен байланыстыру.

Екінші кезең «электикалық немесе концептуалды көзқарасты» қамтиды, ол Конституцияның мәтініне ғана емес, сонымен бірге оған кең мағынада енгізілген ұғымдар мен тақырыптарға да назар аударады. Бұл екі фаза «мұқият ойлау» деп аталатын үшінші фазаның өнімі ретінде әрекет етеді. Үшінші кезеңде ол екі–үш төрешіде отыру себептерін түсіндіреді. Ақырында, сот өзін–өзі бағалау туралы шешімдер қабылдайды, бұл ішкі түсіндірудің әртүрлі тәсілдерін қабылдауға әкеледі және көбінесе сәйкес келмейтін Конституциялық сот тәжірибесін тудырады [12].

Осы мәселе бойынша пікірсайыстың қорытындыларын жинақтаған қазақстандық ғалым, заң ғылымдарының докторы, профессор Е.Б. Абдрасулов ҚР–ның Парламентіне немесе Жоғарғы Сотына заңдарды ресми түсіндіру құқығын бере отырып, «заңдарды түсіндіруге байланысты ықтимал дауларды шешу құқығын ҚР Конституциялық Кеңесінің құзыретін кеңейту керек» деп есептейді. Бұл ретте Парламентте, оның пікірінше, «заң біржақты тәртіппен түсіндірілмеуі тиіс – тек Мәжіліс немесе Сенат қана емес, осы мәселе бойынша өз көзқарасын білдіруге құқығы бар ҚР Президентінің қатысуымен түсіндірілуі тиіс» [13].

Өкінішке орай, жүргізілген конституциялық реформаларға қарамастан, бұл мәселе конституциялық деңгейде шешімін таппады.

Сонымен бірге, заңдарды нормативтік түсіндіру субъектісін айқындауға қатысты қолданыстағы құқықтық олқылыққа қарамастан, оларды ресми казуальды түсіндіруді (түсіндірме беруді), сондай–ақ заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге қатысты да соттар нақты азаматтық, қылмыстық және әкімшілік істерді қарау процесінде жүзеге асыратынын атап өту қажет.

ҚР–ның Жоғарғы Соты сот практикасы мәселелері бойынша түсіндірмелері бар нормативтік қаулылар шығаруға құқылы. Бұл ретте олар Қазақстанның қолданыстағы құқығының бір бөлігі болып табылады, бұл іс жүзінде елдің Жоғарғы Сот органының сот практикасында қолданылатын заңдарды ресми түсіндіру құқығын мойындауын білдіреді.

Сонымен қатар прокурор заңға түсіндірме беруге құқылы. Мәселен, қазіргі қолданыстағы «Прокуратура туралы» Заң қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында немесе дайындалып жатқан құқыққа қарсы іс-әрекеттер туралы мәліметтер болған кезде прокурор жеке тұлғаларға және заңды тұлғалардың өкілдеріне заңдылықты бұзуға жол берілмейтіндігі туралы және заңда белгіленген жауаптылық туралы жазбаша және (немесе) ауызша нысанда түсіндіретінін анықтай отырып, осы өкілеттікке едәуір тарылтады [14]. Шын мәнінде, бұл жерде қандай да бір құқық нормасының мәні түсіндірілмейді, бірақ оны бұзғаны үшін жауапкершілік туралы мәселе түсіндіріледі.

«Ресми түсіндіру» теориялық түсінігі мен «ресми түсіндірме беру» нормативтік тұжырымдамасы арасындағы кейбір айырмашылықтарға қарамастан, біз бұл мәселені шешу қажет деп санаймыз. Бұның мақсаты барлық әкімшілік органдардың заңды біркелкі қолдануын қамтамасыз ету, оны түсіндіруде озбырлықты және осыдан туындайтын заңдылықты бұзу, жеке және заңды тұлғаларды негізсіз жауапкершілікке тартуды болдырмау.

Осыған байланысты, ҚР-ның Конституциясында заңдарды ресми түсіндіру субъектісін айқындау, ал «Құқықтық актілер туралы» заңда «ресми түсіндіру» ұғымын, оның «нормативтік» және «казуальдық» түсіндіру сияқты түрлерін бекіту, ресми казуальдық түсіндіруді жүзеге асыратын субъектілерді көрсету қажет деп санаймыз.

Мұндай шоғырландырудың қажеттілігі осы Заңға қайшы келетін басқа да ішкі қайшылықтардың болуына байланысты. Атап айтқанда, «нормативтік түсіндіру» терминін дұрыс түсіндірмеу Заңда Конституциялық Кеңес пен Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары нормативтік құқықтық актілердің негізгі түрлерінің қатарына жатқызылуына әкеп соқты (Заңның 7-бабы 2-тармағының 5) тармақшасы).

Сонымен бірге Конституцияның өзі мұндай тұжырымға себеп бермейді. ҚР Конституциялық Кеңесі мен Жоғарғы Соты қаулыларының нормативтік сипаты олардың жалпыға бірдей міндетті сипатын

білдіреді. Конституцияда олар заңдармен және өзге де нормативтік құқықтық актілермен қатар ҚР-ның қолданыстағы құқығының құрамдас бөлігі деп аталған (4-баптың 1-тармағы), яғни оның көздері болып табылады. Алайда оларды нормативтік құқықтық актілерге жатқызу іс жүзінде құқық жүйесі мен заңнама жүйесі арасындағы айырмашылықты жояды. Конституция «Конституциялық Кеңес пен Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары» және «өзге де нормативтік құқықтық актілер» ұғымдарының аражігін ажыратады.

Аталған қорытынды «Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабының 1-тармағына және 12-бабының 2-тармағына ресми түсіндірме беру туралы» 1996 жылғы 28 қазандағы № 6/2 қаулысында Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің өзінің құқықтық ұстанымымен де расталды.

ҚР Конституциялық Кеңесінің 1997 жылғы 6 наурыздағы № 3 қаулысында Конституцияның 4-бабының 1-тармағына ресми түсіндірме берілген. Осы конституциялық нормада аталған өзге де нормативтік құқықтық актілерге Конституцияның 4-бабының 1-тармағында көрсетілген құқық нормалары бар басқа нормативтік актілерге мынадай актілер жатады: республикалық референдумда қабылданған актілер, Республика Президентінің 1995, 1996 жылдары шығарған конституциялық заңдар мен заңдардың күші бар Жарлықтары, сондай-ақ заң күші бар, ҚР Конституцияның 61-бабының 2-тармағымен қабылданған жарлықтар, Президенттің Жарлықтары, Парламенттің, оның Палаталары мен Республика Үкіметінің қаулылары, министрліктер мен мемлекеттік комитеттердің, ҚР Үкіметінің құрамына кірмейтін орталық, атқарушы органдардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің конституциялық заң күші бар «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Жарлығының 23 және 24-баптарына сәйкес салааралық үйлестіруді, басқа да атқарушылық және өкім шығару қызметін, арнайы атқарушылық және бақылау-қадағалау қызметін жүзеге асыратын ведомстволардың актілері, жергілікті өкілетті және атқарушы органдардың шешімдері, жергілікті өзін-өзі





басқару органдарының шешімдері, сондай-ақ басылуы заңмен белгіленетін актілер.

Бұл қорытынды нормативтік құқықтық актілерге қатысты заңмен бекітілген жоспарлау, дайындау, ресімдеу, ғылыми сараптама тәртібі аталған органдардың қаулыларына қолданылмайтындығымен де негізделеді.

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 5-тармағында көзделген ҚР Конституциялық Кеңесінің және ҚР Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары нормативтік құқықтық актілер иерархиясынан тыс болғаны жеткілікті дәрежеде сенімді емес және бұл даулы болып табылады, өйткені соңғылары тәуелсіз органдар шығаратындықтан емес, олар нормативтік құқықтық актілер болып табылмайтындықтан иерархиядан тыс болады деп пайымдаймыз. Конституцияның нормаларына ресми түсіндірмені қамтитын Конституциялық Кеңестің қаулылары, сол сияқты Жоғарғы Соттың сот практикасында заңнаманы қолдану мәселелері бойынша түсіндірме беретін нормативтік қаулылары құқықты түсіндіру актілері болып табылады, өйткені соңғылары жаңа құқықтық нормаларды белгілемейді, сондықтан нормативтік құқықтық актілер болып табылмайды.

Нормативтік түсіндіру актілері сияқты актілердің мәртебесі туралы атап өткен Ғ.С. Сапарғалиев, Е.Б. Абдрасулов, А.А. Караев сияқты ғалымдар да осындай ұстанымды ұстанады [15].

Мұндай жағдайда, неліктен Конституцияның нормаларын түсіндіру мәселелері бойынша қабылданған ҚР Конституциялық Кеңесінің кейбір қаулылары бір жағдайларда «нормативтік қаулылар» деп аталады, ал басқа жағдайларда неге осылай аталмайды деген сұрақ негізді түрде туындайды.

Бұл органдардың актілерін нормативтік құқықтық актілермен бірге тану олардың құқық шығару қызметін мойындаумен тең, бұл билікті бөлудің Конституциялық қағидатына қайшы келеді.

Осы негізде, «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабының 1-тармағынан, 7-бабының 1-тармағынан, 10-бабының 5-тармағынан, ҚР Конституциялық Кеңесінің және

Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары туралы ережелерді алып тастау қажет деп пайымдаймыз.

5-бапты 13-тарауға ауыстыру және оны мынадай редакцияда жазу ұсынылады: «5-бап. Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары:

1. Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабында көрсетілген мәселелер бойынша Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің нормативтік қаулылары тек Қазақстан Республикасының Конституциясына ғана негізделеді және барлық өзге нормативтік құқықтық актілер оларға қайшы келмеуі керек.

2. Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің нормативтік қаулылары оларды қабылдауға негіз болған Қазақстан Республикасы Конституциясы нормаларының заңдық күшіне ие болады.

3. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысында сот практикасында қолданылатын заңнама нормаларына ресми түсіндірме беріледі.

4. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары оларды қолданған кезде міндетті күшке ие болады.

«Ресми» деген сөзден кейін жаңа сөздермен толықтыра отырып, 13-тараудың атауын өзгертуді және мынадай редакцияда жазылуы ұсынылады: «түсіндіру және». «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 58-бабы 1-тармағының, 3-тармағының, 5-тармағының атауында, сондай-ақ «ресми» (орыс тіліндегі мәтінде «официального», «официальное») деген сөздерден кейін сөздермен толықтырылып, мынадай редакцияда жазылуы ұсынылады: «түсіндіру және» (орыс тіліндегі мәтінде «толкования и», «толкование и»).

«Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480-V ҚРЗ Қазақстан Республикасы Заңының 60-бабы мынадай редакцияда жазылуы ұсынылады: «60-бап. Нормативтік құқықтық актілерді ресми түсіндіруді және түсіндірме беруді жүзеге асыратын мемлекеттік органдар, лауазымды тұлғалар»:

1. Конституцияның нормаларына ресми түсіндіруді Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі жүзеге асырады.

1–1. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты сот практикасында қолданылатын заңдардың және өзге де нормативтік құқықтық актілердің нормаларын ресми түсіндіреді.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік құқықтық актілерін ресми түсіндіруді Премьер–Министрдің тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп жүзеге асырады.

3. Осы Заңның 7–бабы 2–тармағының 6), 7), 8) және 9) тармақшаларында көрсетілген нормативтік құқықтық актілерді ресми түсіндіруді оларды қабылдаған (шығарған) уәкілетті органдар немесе лауазымды тұлғалар береді.

4. Мемлекеттік саясатты жүргізетін, белгілі бір салада (қызмет аясында) реттеу мен басқаруды жүзеге асыратын немесе тиісті мәселелерді шешу өз құзыретіне жатқызылған мемлекеттік органдар не өзге де мемлекеттік органдар өздеріне берілген өкілеттіктерге сәйкес нақты субъектілерге қатысты немесе нақты жағдайға қолдануға қатысты нормативтік құқықтық актілерге өз құзыреті шегінде түсіндірме бере алады.

Мұндай түсіндірмелердің міндетті заңдық күші болмайды және олар тек ұсыныс сипатына ғана ие.

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 61–бабының атауы мен мазмұнында «ресми» деген сөзден кейін мынадай редакцияда жазылуы ұсынылады: «түсіндіру және».

ҚР Конституциялық Кеңесінің және Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларының құрылымы мен мазмұнына келетін болсақ, конституциялық бақылау органына қатысты олар «Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы» Конституциялық заңында жазылған. Тиісті нормалар «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңға да енгізілуі тиіс деп ойлаймыз.

